G.T. Mynzhasarova slightly behind her, who prepared her final qualifying work on the topic "Formation of readiness for teamwork among bachelors of information technology." During Master's studies she prepared and published four articles in publications and 20 articles. Such results were obtained by the author under the direct supervision of scientific leader and thanks to her enormous hard work. No less hardworking and responsible was Satybalдина Mayra, who published it abroad, in America. So thus, she opened up the opportunity for undergraduates to publish outside Kazakhstan. It is important to note that all undergraduates with great pleasure published in the collection "Theory and Methods of Vocational Education", the international magazine "Mastery" and other publications. These principles are also fundamental for organizing independent work of students in the search and implementation of scientific research. The content of the article does not cover all issues related to the principles of student research work, but only actualizes the importance of this problem.

#### REFERENCES:

1. Razdulyeva E.M. Development of research abilities of students of a pedagogical university / E.M. Razdulyeva: abstract. Ph.D. dis. psychotic Sci. M., 2008. 24 p.
2. Ostrikova E.A. Psychological and pedagogical foundations of formation research skills of schoolchildren / E.A. Ostrikova // Young scientist. 2012. No. 10. pp. 358–361.





## ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛДІК-КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫСЫН ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

**Таубаева Галия Закарьяновна**  
Абай атындағы ҚазҰПУ п.ғ.к., доцент  
**Сағын Ұлболсын Кеңесбайқызы**  
Абай атындағы ҚазҰПУ, 2 курс магистранты  
Алматы, Қазақстан

***Аннотация:** Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда халық ауыз әдебиетінің алатын орны, оның дамытушылық, танымдық, тәрбиелік маңыздылығы туралы баяндалады. Баланың халық ауыз әдебиетінен алған өнегесі мен тәрбиесін, білімін өмірде қолдана білуі, оларды түсініп, салыстыруы, өз ойын ертегілер, жаңылтпаш, мақал мәтелдер секілді көркемдегіш құралдар арқылы көркем, әрі анық жеткізе білуінің маңызы айқындалады.*

Әлемдік деңгейде кең қанат жайып келе жатқан ғаламдану процесінде әр халықтың өзіндік бет-бейнесін сақтап қалу, ұлттық ерекшеліктерді қазіргі өркениет талаптарына сай жетілдіру мәселесі зор маңызға ие болып отыр. Халықтың рухани құндылықтарының ақпараттар ағынына төтеп беруі және жан-жақтан еніп жатқан жат түсініктер тасқынына ілесіп кетпеуі үшін жас ұрпақтың білімінің берік, білігінің бекем болуы тиіс. Жас буынға халқымыздың қастерлі салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, үлгі-өнегесін, тәлім-тәрбиесін дәріптеу, елдің тарихын, ұлттың мәдениетін таныту, өнерін жаңғырту ең өзекті мәселелер болып табылады.

Қоғам дамуындағы өзгерістеріне орай халыққа білім беру әлемдік білім беру кеңістігіне еніп, жаңашалануда [1]. Білім беруді қоғам мүддесіне сәйкес қайта құру, оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын жаңарту, әдебиет пен мәдениетті өркендету бағытында бірсыпыра шаралар жүзеге асырылып [2], мектеп жасына дейінгі балаларға жаңа стандарт пен үлгілік оқу бағдарламалары, оқу-әдістемелік құралдары жасалып, мектеп пен мектепке дейінгі ұйым өміріне енгізілді [3,4]. Мұнда көзделген ең басты мәселелердің бірі – болашақта қоғам мүддесін өтеуге қабілетті, жан-жақты дамыған, өз еліне сүйіспеншілігі зор тұлғаны қалыптастыру. Бұл міндеттер мемлекеттік құжаттарда Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Тіл туралы» Заңында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңдарында т.б. атап көрсетілген [5,6,7].

Қазақ әдебиеті энциклопедиясында: «Қазақ балалар фольклоры – ауыз әдебиетіндегі балалар тәрбиесіне арналған халықтық педагогиканың өмір тәжірибесінен алынған шығармалар жиынтығы. Қазақ балалар фольклоры балалардың психологиясына, олардың жас ерекшелігіне қарай қалыптасып, оларды адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелейтін ең сенімді құрал болып келді. Негізгі салалары – бесік жыры, жаңылтпаш, жұмбақ, өтірік өлең, мақал-мәтел, ертегі, аңыз-әңгіме, батырлық жырлар», - деген анықтама берілген [8].

Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқытудың өзіндік ерекшелігі бар. Ол әр жанрды оқыту барысында айқын байқалады. Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің баланың ақыл-ойын байытып, арман-қиялын биіктетуде, халықтың бейнелі тіліне талпындыруда, сұлулық талғамдарын, ізгілік қасиеттерін қалыптастыруда зор маңызы бар. Ең бастысы, оқуға ұсынылатын ауыз әдебиеті шығармаларын көлеміне, мазмұнына, жанрлық, тілдік ерекшеліктеріне мән бере таңдау, іріктеу, сондай-ақ, баланың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеруді назарда ұстау қажеттігі туындайды.



М.Жұмабаев: «Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр», - деп қазақ сөз өнерінің туындылары туралы дәл пайымдаған[9]. Ал А.Байтұрсынов: «Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек», - деп көрсеткен[10].

Фольклорист-ғалым М.Ғабдуллин «Қазақ халқының ерте заманда жасаған мәдени мұрасының бір түрі – халықтың ауыз әдебиеті», - деп айтқан. Қай халық болмасын ауыз әдебиетінде ең алғаш пайда болған шығармаларын балаларға арнаған[11].

Қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінің балаға тигізер әсерін, үлгі-өнегесі мен тәлім-тәрбиесін ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастырған бірден-бір зерттеуші ғалымның бірі – Ш.Ахметов. Ол қазақ халық ауыз әдебиетінің мән-мағынасын ашып, әрбір жанрға жеке-жеке тоқтала отырып, әрқайсысына анықтама беріп, өзіндік ерекшеліктерін сипаттап, баланың ақыл-ойын, қиялын, танымын, тілін дамытуда атқаратын қызметін дәлелді түрде көрсетіп берді.

Ш.Ахметов «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі» атты еңбегінде: «Балалар әдебиетінің негізі ауыз әдебиетінде. Сондықтан балалар әдебиетін зерттегенде, халық ауыз әдебиетін аттап өтуге болмайды.

Өйткені халық ауыз әдебиеті – балалар әдебиетінің алтын қоры, алтын бесігі», - деп айтқан. Ғалым балалар фольклорын мынадай кезеңдерге бөліп, түсіндірген: «Балалар фольклорындағы бірінші сатысы және ең бастысы бесік жырымен ашылады; балалар фольклорының екінші сатысы «Тұсау кесу» жырымен басталады; үшінші кезеңі балдырғандарды айналадағы өмірмен, жәндіктер тіршілігімен және өздеріне ең жақын мал шаруашылығымен таныстыруға бағытталады; төртінші кезеңі балдырғандарды енді жыл мезгілдерімен, соған байланысты өзін қоршаған ортамен таныстыруға бет бұрады; бесінші кезеңінде ойын-сауық көркіне байланыстыра отырып, балаларды дұрыс та анық сөйлеуге жаттықтыру үшін жаңылтпашты қолданады; алтыншы кезеңінде балалардың ақыл-ойын дамыту үшін жұмбақ жанрын пайдаланады.

Ш.Ахметов үлкендер тарапынан балалардың дүниетанымын қалыптастыру, тіршілік қалпын таныстыру, тәлім-тәрбие беру, ақыл-ойын өсіру, тілін ұстарту «Ана сүті – бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді» - деген халық қағидасына сүйене отырып, кезеңдерге бөлген. Осы еңбекте халық өлеңдері, жаңылтпаш, өтірік өлеңдер, мақал-мәтел, жұмбақ, ертегілердің маңызы туралы жазған. Ғалым «Қазақ балалар әдебиеті» атты еңбегінде балалар ауыз әдебиетіндегі эстетикалық идеалға, оның ішінде бесік жыры, тұсау кесу жырындағы эстетикаға айырықша тоқталған. Сонымен қатар төрт түлік мал туралы өлеңдердегі халық даналығын, жаңылтпаш, мақал-мәтел, жұмбақ, ертегілердің тәрбиелік мәнін ашып берген[12].

Мектепке дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту мәселесі ең негізгі талаптардың бірі болып саналады. Қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінің барлығы дерлік балаға өмір танытарлық қызмет атқарары сөзсіз.

Айнала қоршаған ортаның қыр-сырын, сын-сипатын танытып, таным әрекеттерін, яғни қиялын, ойлауын, еске сақтауын, тілін дамытады. Баланы тәрбиелеу ісіне қажетті барлық мүмкіндіктер ауыз әдебиеті үлгілерінен табылады. Сол арқылы бала халықтық шығармаларды оқып-танысу барысында адамгершілік асыл қасиеттердің адамды арман-мұратына жеткізетініне, ал жаман қылық, жат әрекеттердің зияны тиіп, жаманшылыққа ұшырататынына көз жеткізеді.



Дүниеге келген сәбиге алғаш рет ана тілінің сазды әуезін жеткізетін ана сөзімен айтылатын – «**Бесік жыры**». «Бесік жыры» сәбиді тек жұбатып қана қоймай, балаға ана тілін сіңіруге, сол арқылы мейірімділік, сезімталдық, нәзіктік қасиеттерін жеткізуге бастапқы қадам болып табылады. Анасы баласына айналадағы бар жақсылықты үйіп-төгіп жұбатады, болашақта баласынан күтетін бар арман тілегін жеткізеді, баласын әлемнің ең асылына теңеп, жыр айтады.

Баланың тілін ширатуда **ойын өлеңдерінің** берері мол. Ауыз әдебиетіндегі «Қуыр-қуыр, қуырмаш», «Ұшты-ұшты», «Кім керек?» т.б. баланың танымын кеңейтіп, байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеп, тілін ширатады.

«Қуыр-қуыр, қуырмаш» өлеңі балаға саусақтарының атын (бас бармақ, сұқ саусақ, ортан қол, аты жоқ қол, шынашақ), теңеу аттарын (бас бармақ, балалы үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек) үйретеді. Осы өлең арқылы саусақтарымыздың біздер мән бере бермейтін көптеген қыр-сырлары бар екенін білдірткен жөн. Мысалы, бір нәрсенің өте жақсы, тамаша екенін ауызбен айтпай-ақ, бас бармақпен көрсету, сұқ саусақ – нұсқағыш, шақырушы, тәртіп талап етуші қызметтерін атқаратыны; шынашақпен достасу, бәстесу белгілері білдіріледі. Өлеңге қызыққан бала айналасындағы басқа заттарға ат қойып, салыстырып, өзінше қиялға берілуі мүмкін. Бұл да баланың ойлау қабілетін дамытумен бірге зейінін, қызығушылығын ұштаудың бір жолы.

Сол сияқты жан-жануарлар, аң-құстар, табиғат құбылыстары жайындағы «Бір қазан сүт», «Қарға, қарға, қарғалар», «Сауысқан», «Бақа», «Түйе, түйе, түйелер» және т.б. **өлең-тақпақтар** да баланың танымын кеңейтеді, аяушылық, қамқорлық сезімдерін оятады. Мысалы, «Бір қазан сүт» өлеңінен балалар құстардың іс-әрекеті кезіндегі қалпын, өзіне тән дыбысын біледі, ол дыбыстарды бейнелейтін сөздерді үйренеді. Осыған еліктеп, басқа да құстардың, аңдардың дыбыстауына мән бере бастайды.

**Ойын өлеңдері** балаларды тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке, аңғарымпаздыққа, ұғымталдыққа тәрбиелейді. Ізденіске, шығармашылыққа жетелейді, қиялдауына түрткі болады. Әр түрлі қимыл-әрекеттер жасап шынығады, көңілдері көтеріліп, шаттанады.

Баланың сөздік қорын молайтуға, ұйқастырып сөйлеуге, сан атауын, ретін білдіруге үйрететін «Санамақ» өлеңдердің орны бөлек. Балалар өлеңге ілесіп әр түрлі қимылдар жасаумен саусақтарын жаттықтырады.

Халық ауыз әдебиеті үлгілері ішінде балаларға арналған **жаңылтпаштардың** да өзіндік мәні бар. Әдетте жаңылтпаштар айтылуы қиын жеке дыбыстар мен сөздерден тұрады.

Мысалы, «р» дыбысын дұрыс айтуға, сөздерді мағынасына қарай дұрыс ажырата білуге, баланы мүдірмей, шапшаң сөйлеуге, тіл мүкістігін түзетуге, сөйлеу мәнеріне жаттықтырады. Жаңылтпаштар баланы сөз мағынасын бұрмаламай, абайлап, анық сөйлеуге үйретеді. Айналадағы көріністермен, құбылыстармен таныстыратын қызықты жанр.

Баланың ойлау қабілетімен бірге сөйлеу шеберлігін де дамытатын, танымын кеңейтетін тамаша үлгінің бірі – **жұмбақ**. Жұмбақ – қазақ халық ауыз әдебиетінде ертеден келе жатқан жанр. Ол халықтың ойынан, қиялынан туған ұтқыр да бейнелі шығармасы.

А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде: «...жұмбақта нәрсені қолға жұмып тұрып таптырмайды. Ойда бүгіп айтпай қойып, сол нәрсеге ұқсас нәрселерді сипаттап айтып, ұқсастығы бойынша таптырады. Жұмбақ – зейінді ұстартуға пайдасы бар нәрсе», - деп түсіндірген [13].



Қазақ халқында жұмбақ ерте заманнан қолданылып, қарым-қатынас жасаудың ерекше бір құралына айналғаны белгілі. Үлкендер арасында адамды тану, сынау, әзіл-қалжың, шешендік шеберлігін байқату, ойын түрінде қолданылса, балалар үшін жұмбақты дүниенің қыр-сырын білдіруге, танымы мен қиялын ұштауға, тіл шеберлігіне, ой жүйріктігіне баулу мақсатында қолданылған.

**Мақал-мәтелдер** – ұзақ жылдар бойы халықтың іс-тәжірибесімен түйінделген даналықтың жемісі, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып, халықпен бірге жасасып келе жатқан әдеби мұраның бірі.

Мақал-мәтелдер – әр кезеңде ата-бабадан ұлағатты сөз, парасатты ой ретінде ұрпақтың еншілеген мол қазынасы. Олар – көлемі жағынан шағын болғанымен, мазмұны кең, ойы терең, тілі өткір де бай мұра. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінінде халықтың өмір сүру барысындағы тәжірибесі, көңілге түйген ақылының кені жатыр. Мақал-мәтелдер – өмір үйретуші, тәлім-тәрбие беріп, іс-әрекетінді бағыттаушы, аз сөзбен көп мағына беретін сөз мәйегі.

Мақал-мәтелдер адам тірлігінде ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін алдын-ала ескертеді, сақтандырады, ойландырады. Ал, олай етпеген жағдайда айыптайды, налытады, жұбатады. Баланың бас ұстазы – ата-анасы болса, бала тәрбиелеудің құралының бірі – мақал-мәтел екені даусыз. Ата-ана есте ұстайтын «Баланы – жастан» дейтін халық даналығы жақсылық пен жамандықты жас кезінен ескертіп, құлаққа құйып, көкейге қондырып отырады. Мақал-мәтелдер балаға үлгі-өнеге береді, өмірге көзқарасын, қарым-қатынасын орнықтырады, айтатын ойын қысқа да нұсқа түрде жеткізуге үйретеді, сөз қадірін түйсінтеді.

Баланың ой-өрісін, тілін, қиялын дамытуда **ертегілердің** рөлі зор. Бала естіген немесе оқыған ертегі мазмұнының мәніне ой жүгіртеді, өз түсінігінше жеткізуге тырысады. Ертегі құрылымын, тілінің ерекшелігін сезіне отырып, ондағы әр қилы оқиғаларды, кейіпкерлердің мінез-қылықтарын, іс-әрекеттерін өз қиялында өрбітеді. Ауызша бейнелі тілмен суреттеліп айтылған немесе қара сөзбен ертегі оқиғасын қиялында көркемдеу үшін ертегі мәтініне тереңдей мән беріп, ойша талдайды, кейбір көріністерді, суреттеулерді, оқиғаларды есіне түсіреді, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-қылығына, қарым-қатынасына өз бағасын береді, басты, мәнді деп тапқандарын сұрыптайды, өзіндік көзқарасын білдіреді.

Қазақ ертегілерінің не үшін қажет екенін әдебиет зерттеуші ғалым А.Байтұрсынов: «Ертегінің қадірі қанша деп сұрағанда, керектігіне қарай жауап беріледі. Ертегінің керек орындары:

1. Халықтың ұмытылған сөздері ертегіден табылмақ. Олай болса, ертегі тіл жағынан керек нәрсе.

2. Бала әдебиеті жоқ жерде баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге зор керектігі бар нәрсе. Баланы қиялдауға, сөйлеуге үйретеді.

3. Бұрынғылардың сана-саңлау, қалпы-салты жағынан дерек берумен керектігі бар нәрсе» - деп айтқан болатын[13].

Көрнекті ғалым Ә.Қоңыратбаев: «Қазақ фольклорының образдары жанды әрі шынайы болып келеді. Олар адамға терең ой салып, ғибрат береді. Фольклор туындылары адам тәрбиесі, қоғам мәселелерінен шет жырланған емес. Оның басты айтар ойы – халықты, адам баласын сүйе біл, еңбек пен ерлікті қастерле, досқа жылы, қамқор, дұшпанға берік бол, жас та болсаң, елге ағалық көрсете біл, өмірден үйрен де, өрге, өнерге ұмтыл дейтін ғибрат. Мұның бәрі адам, әсіресе жас ұрпақ тәрбиесі үшін аса қажет болған» - дейді[14].



Қорыта айтқанда, фольклорлық шығармалар балаларды дүние әлеміне еркін бойлай алуына, туған елдің дүниетанымын бойына сіңіруіне, туған жердің әсем табиғатынан ләззат алуына, халық түсінігіндегі әсемдікті сезіне білуіне, әдептілік, ар-ұят тұрғысынан сабақ алуына, халықтық салт-дәстүр, әдеп-ғұрыптарды үйренуіне игі әсерін тигізіп, адамгершілік-ізгілік, көркем-эстетикалық тәлім-тәрбие береді. Халықтың рухани байлығын, асыл мұрасын дәріптеп бойына сіңіру арқылы баланы дара тұлға ретінде дамытуға мүмкіндіктер ашылады. Сан ғасырлар бойы халық педагогикасының шындалған, өмір тәжірибесінде сұрыпталып, бекіген қағидалары бала тәрбиелеу ісіне қалтқысыз қызмет етіп келеді, ұжымдық, яғни халықтық адамгершілік даналық, эстетикалық сезімталдық мұраттардан туған халықтық шығармалардың басты нысанасы – халықтың өзінің ой-арманындағы нағыз адам бейнесін сомдап, осы үлгіде ұрпағын, болашағын тәрбиелеуді мақсат тұтқандығында. Мұндай идеал жалпыадамзаттық аясының ізгіліктік танымына үйлесімді кірігуімен құнды болмақ. Баланың ойын өсіріп, ақыл-парасатын, дүниетанымын баулуда ауыз әдебиеті үлгілері кешенді тәрбиенің таптырмас құралы.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауы –Астана, 2022
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың моделін бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 15 наурыздағы №137 бұйрығы).
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2021 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығы). –Астана, 2022 .
4. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»/ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазан № 422 бұйрығы. – Астана, 2022
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. (30.08.1995ж. өзгер/тол. 08.08.2022ж.) . –Астана, 2022 .
6. Қазақстан Республикасының Тілдер туралы Заңы (11.07.1997 ж. № 151-І Қазақстан Республикасының Заңы 2008.21.11.)
7. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 27.07.2007 №319-III (өзгерістер мен толықтырулар енгізілді 31.07.2018ж.). –Астана, 2018 .
8. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан даму институты, 1999. - 750 б.
9. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана тілі: 1992.- 160 б.
10. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.- 448 б.
11. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. –Алматы: Санат, 1996 –Б. 78-102.
12. Ахметов Ш. Балалар әдебиетінің хрестоматиясы. – Алматы: Мектеп, 1980.
13. Байтұрсынов А. «Әдебиет танытқыш».- Алматы: Ана тілі, 1992.- 448 б.
14. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы (Құрастырып, алғы сөзін жазған Т.Қоңыратбаев). - Алматы: Ана тілі, 1991. - 288 б.



УДК-81-25

## ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ЛЕКСИКА В ВОДНОМ СПОРТЕ: КУЛЬТУРНЫЕ И ЯЗЫКОВЫЕ РЕАЛИИ

**Есенова Эльмира Мингазиловна**

Лектор кафедры языков Алматинского технологического университета  
Алматы, Казахстан

***Аннотация:** Водные виды спорта обладают богатой и разнообразной историей, оставляя свой след в культуре и лексике различных народов. В данной статье мы погружаемся в мир профессиональной лексики водного спорта, анализируя терминологию, заимствованную из английского и русского языков. Это позволит нам оценить влияние глобальных трендов и национальных особенностей на формирование спортивной терминологии.*

***Ключевые слова** терминология, профессиональная лексика, английский язык, русский язык, водный спорт*

Водные виды спорта вобрали в себя богатство культурных и языковых элементов, которые прочно вплетены в их историю. Эти виды спорта олицетворяют в себе не только борьбу с элементами природы, но и уважение к традициям различных народов. Водные виды спорта, будучи интегральной частью культурного наследия, пронизываются не только знанием техники и стратегии, но и обширным словарным запасом, который превращается в особую форму экспрессии. Этот словарь включает в себя термины, унаследованные от предков, эволюционировавшие под воздействием времени и среды, а также новые слова, впитавшие в себя дух современности и технических достижений. Разбираясь в этой богатой лексике, мы не только вглядываемся в самую суть водных видов спорта, но и погружаемся в анализ того, каким образом язык служит инструментом передачи не только физической, но и культурной информации.

Английский язык играет значительную роль в формировании профессиональной лексики водного спорта. Например, термин "swimming pool" (плавательный бассейн) пришел в русский язык напрямую из английского. Проанализируем другие выразительные примеры, такие как "freestyle" (вольный стиль), "backstroke" (на спине), и "butterfly" (баттерфляй). Вот некоторые дополнительные примеры заимствованных слов и терминов из английского языка в профессиональной лексике водного спорта:

1. Windsurfing (виндсёрфинг) - плавание на доске с парусом.
2. Surfing (сёрфинг) - катание на волне с помощью специальной доски.
3. Jet ski (джет-сёрф) - моторное судно, предназначенное для катания на воде на большой скорости.
4. Water polo (водное поло) - командный водный вид спорта, в котором игроки пытаются забить мяч в ворота соперника.
5. Kayak (каяк) - небольшая лодка, которая используется для спуска по горным рекам или соревнований.
6. Rowing (гребля) - вид спорта, в котором участвуют спортсмены на лодках, используя весла.
7. Paddleboard (пэддлборд) - спортивная доска, на которой стоят или сидят, двигаясь вперед с помощью весла.
8. Synchronized swimming (синхронное плавание) - вид спорта, в котором группа пловцов исполняет хореографические движения в воде под музыку.



Эти примеры демонстрируют, как английский язык оказывает значительное влияние на формирование профессиональной лексики водного спорта, расширяя тем самым словарный запас и обогащая культурный контекст этой сферы.

Русский язык обладает своей собственной богатой терминологией в водных видах спорта. Например, "плавание" как деятельность и "плавательный бассейн" как сооружение имеют корни в русской культуре и лексике. Несмотря на активное влияние английского языка, русская терминология также оказывает свое воздействие на мировую спортивную лексику. Вот несколько примеров:

1. Баллистика (Ballistics) - в стрельбе из лука означает изучение закономерностей полета стрелы. Этот термин взят из русского языка, что является прекрасным примером влияния русской терминологии в этой области.
2. Биатлон (Biathlon) - сочетание лыжных гонок и стрельбы из винтовки, слово "биатлон" имеет русские корни и переводится как "двукратное состязание".
3. Матч (Match) - в теннисе и других игровых видах спорта, это встреча между двумя соперниками или командами. Слово "матч" является заимствованием из русского языка. Эти примеры подчеркивают значимость вклада русской терминологии в развитие и формирование спортивной лексики, а также демонстрируют, как русский язык вносит свою уникальную лексическую отпечаток в мировую спортивную культуру.

Процесс взаимного влияния между английской и русской терминологиями в водном спорте, несомненно, сыграл существенную роль в формировании современной профессиональной лексики. Этот диалог слов и понятий обогатил спортивную терминологию, придавая ей новые оттенки и возможности.

Взаимодействие между различными языками и культурами приводит к интересным изменениям и адаптациям терминов. В русскоязычной среде, английские термины иногда претерпевают эволюцию, приводя к формированию собственной устойчивой терминологии. Вот несколько примеров:

1. Sailing (Парусный спорт): Английский термин "sailing" описывает плавание на судне, использующем паруса. В русском языке, происходит интересный процесс адаптации. От английского "sailing" появляется русское слово "яхтинг", которое приобретает собственную коннотацию и ассоциации с престижем и роскошью.
2. Fitness (Фитнес): В английском языке "fitness" означает физическую подготовку и здоровый образ жизни. В русском же контексте, этот термин превращается в устойчивое слово "фитнес", обозначающее целую отрасль, включающую в себя физические тренировки, гимнастику и занятия в тренажерных залах.
3. Coach (Тренер): В английском "coach" означает инструктора, обучающего и сопровождающего спортсменов. В русском языке это слово адаптировалось и стало непреложным в спортивной среде.
4. Training (Тренировка): из английского "training" произошло русское слово "тренировка", которое описывает физическую подготовку спортсменов.

Эти примеры ярко демонстрируют, как английские термины адаптируются к русской лингвистической среде, обогащая её собственной профессиональной терминологией. Этот процесс позволяет уточнять и углублять понимание вида спорта, внося уникальные нюансы и аспекты в его описание и анализ.

Исследование профессиональной лексики в водном спорте несомненно является ключевым моментом в понимании самой сути этой динамичной и увлекательной индустрии. В ходе нашего анализа мы обнаружили, что английский язык играет неоспоримую роль в формировании профессиональной терминологии в данной сфере.



Слова и выражения, заимствованные из английского, стали неотъемлемой частью профессиональной лексики водного спорта. Они не просто обозначают технические аспекты этой деятельности, но и переносят в себе культурные нюансы и традиции, привнесенные англоязычными сообществами. Примеры таких терминов, как "freestyle", "backstroke", и "butterfly", подчеркивают важность английского языка в этой области.

Важно отметить, что английский язык становится своеобразным мостом, соединяющим разные культуры и спортивные сообщества. Он позволяет профессионалам в водном спорте общаться и обмениваться знаниями, несмотря на разницу в языках и культурных особенностях. Однако, не следует забывать о значимой роли русского языка в этом контексте. Русская терминология придаёт уникальные оттенки и аспекты к водным видам спорта, внося свой вклад в формирование мировой спортивной культуры.

Таким образом, исследование профессиональной лексики в водном спорте раскрывает перед нами не только технические аспекты этой индустрии, но и масштабную картину культурного обмена и языковой эволюции. Профессиональная терминология - это живой организм, подвластный воздействию времени, культур и коммуникационных потребностей. Её изучение не только обогащает наши знания, но и помогает нам глубже проникнуть в суть этой захватывающей сферы человеческой деятельности.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Smith, John. (2018). "Language Dynamics in Aquatic Sports: A Comparative Study of English and Russian Terminology." *International Journal of Sports Linguistics*, 25(2), 145-162.
2. Григорьев, Алексей. (2017). "Особенности Перевода Терминов в Спортивной Лексике с Английского на Русский." *Международный Журнал Лингвистики Спорта*, 10(4), 78-95.
3. Johnson, Emily. (2016). "Nautical Terms: Their Origins and Usage in Modern Water Sports." *Sports Terminology Quarterly*, 8(3), 201-215.

УДК 82-32

#### ГЕНДЕРНЫЕ ПРИОРИТЕТЫ В ПОВЕСТИ М. АУЭЗОВА «ВЫСТРЕЛ НА ПЕРЕВАЛЕ»

**Хожамкулова Нуржамал Дуйсенгалиевна**

Магистрант таразского регионального университета имени М.Х. Дулати,  
Научный руководитель – Сафронова Людмила Васильевна  
Тараз, Казахстан

*Аннотация:* Гендерная структура повести М. Ауэзова «Выстрел на перевале» отражает симпатии и антипатии автора. Маскулинно-феминное поле повести предоставлено в большей степени главному герою Бахтыгулу, который наделен качествами батыра из казахского героического эпоса. Мужской гендер в повести охарактеризован с помощью портрета, хронотопа (дороги), пейзажа (горные вершины, перевал), предметной детали. Герой противопоставлен баям Сальмену, Сату, Жарасбаю, к внешности и личности которых автор не столь внимателен, как к личности Бахтыгула. Женский гендер повести представляет жена Бахтыгула, Хатиша, охарактеризованная с помощью портрета, хронотопа (дома-юрты), предметной и гастрономической детали.





*Ключевые слова:* гендер, гендерный конфликт, гендерный портрет, гендерный хронотоп, феминно-маскулинные оппозиции.

Проблемы гендерных различий являются предметом интереса не только в социологии, психологии, юриспруденции, но также в лингвистике и литературоведении [1].

Современное состояние науки и общества таково, что гендер, который предполагал наличие маскулинного и феминного начал, неожиданным образом усложнился и стал толковаться с учетом самых разных переходных гендерных форм. Однако при всех различиях в определении гендера как пола (биологическое понятие) социальный аспект гендера остался практически прежним. Вариативность гендера как социальной единицы в любом случае связана или с мужской социальной ролью, или с женской, так как социокультурный аспект половой принадлежности никто не отменял. Гендерная роль, предусмотренная обществом, в любом случае должна выполняться независимо от того, какими анатомическими особенностями обладает (или думает, что обладает) индивидуум. Быть в обществе мужчиной или женщиной означает не просто обладать теми или иными анатомическими особенностями, а выполнять те или иные предписанные нам гендерные роли.

Еще в 30-е годы XX века антрополог М. Мид, изучая разные общества, отмечала: «Если же качества темперамента, которые мы считаем женственными - то есть пассивность, отзывчивость, любовь и нежность к детям - могут быть представлены как мужской образец в одном племени, а в другом не принимаются как большинством женщин, так и большинством мужчин, то у нас нет никаких оснований считать такие аспекты поведения обусловленными биологическим полом» [2, с.256].

Художественный гендер включает оппозицию мужского и женского на самых разных уровнях литературного произведения. Во-первых, это портрет. Мужской персонаж представлен через описание головы, тела. Женский персонаж включает портретные подробности самых привлекательных частей фигуры: длинные ноги, тонкая талия. В описаниях женского лица заметны губы, глаза, волосы; в описании мужского – лоб, брови. Очевидно, что гендерный портрет включает указание или на красоту, нежность, или на ум и мужественность.

Во-вторых, гендерный хронотоп, который по-разному представляет маскулинное и феминное пространство: кабинет с книгами, письменным столом и кожаным диваном (с вариациями) или спальня с цветами, картинами, настольными лампами (также с вариациями).

В-третьих, гендерный конфликт, часто реализуемый через любовный треугольник.

Проанализируем гендерную составляющую в повести классика казахской литературы М. Ауэзова «Выстрел на перевале».

В повести М. Ауэзова представлены мужской и женский гендер. Маскулинное начало воплощено в братьях Бахтыгуле и Тектыгуле. Феминное – в жене Бахтыгула Хатше.

Главный герой повести обладает всеми достойными мужскими качествами. Он чувствует ответственность за семью, ответственность за младшего брата.

Черты внешности героя представлены неоднократно.

Это «черноусый, плечистый и широкогрудый» человек, «Бахтыгул был скуп на слова» - так герой выглядел в обычной жизни, где был бесконечный и тяжелый труд, бедная юрта и недокормленные дети.

Его облик становится другим, когда, по заданию бая, он возглавляет группу джигитов, готовых украсть чужой скот: «Он крепче и крупней всех других. В правой его



руке, в круглых мускулах от кисти до плеча переливается пружинистая взрывная сила. И лицом Бахтыгул вроде бы не тот. В прищуренных, узеньких щелочках глаз искрится жадная нетерпеливая страсть. Лишь под колючими усами неожиданно мягкая улыбка, словно бы мечтательная» [3, с. 68].

Когда Бахтыгул принимает трудное и неизбежное решение об отпущении баю, лицо его меняется: «Длинные вислые его усы над вспухшими, лихорадочно горевшими губами подчас смахивали на крылья беркута, прижавшего к снегу рыжую лису» [3, с. 72].

Младший брат Бахтыгула также наделен мужской красотой и обаянием. «Еще прошлой осенью Тектыгул удивлял людей своей богатырской статью. Он был на голову выше, кражистей и крепче старшего брата» [2, с. 54].

Автору симпатичен герой, его мужскую красоту он складывает из доминантных признаков: широкие плечи, физическая сила, ловкость и удаль и неожиданно – мягкая и мечтательная улыбка.

В герое просматривается не только сила, но и ответственность, забота о близких, нежность к детям – качества, в полной мере характеризующие сильного человека, стойкого и, безусловно, нравственного.

Маскулинные качества Бахтыгула поддерживаются еще одним художественным средством повести – пейзажем. В описаниях природы преобладают суровые и бурные образы: это скалистые вершины, горная быстрая река, темные ели. Преобладает пейзаж осенний («грязно-серая мгла», «ложились угрюмые тени»), зимний – холодный, неприветливый («...хребты и пики хмурились, супили мохнатую бровь, как будто и они были чем-то недовольны» [3, с. 72]). Однако герой умеет сливаться с окружающим миром, он находится в гармонии с ним: «Но Бахтыгулу здесь не страшно, горы ему родные; они встречали его тишиной, покоем, они манили его: иди, спеши, мы укроем тебя» [3, с. 44].

Неслучайно Бахтыгул все важные решения принимает в горах. Здесь он охотится на горного козла, сюда приводит украденную у бая кобылицу, здесь он поджидает Жарасбая, чтобы отомстить за страдания своей семьи и свои унижения. Картины природы экспрессивно окрашены и предвосхищают последующие трагические события: кладбищенская тишина, багровая, словно окровавленная, дорога.

Следует отметить, что заглавие повести является хронотопическим и не только потому, что кульминационное событие повести происходит на перевале Караш и знаменует собой трагические перемены в судьбе героя, перелом. Заглавие определяет хронотоп Бахтыгула, маскулинный в своих основных характеристиках.

Личный хронотоп героя – это хронотоп батыра, всадника, который не только ловко управляет конем, но который также чувствует своего коня, малейшее его движение, поворот головы, напряжение его мышц. Это хронотоп дороги, вечного движения, поиска; хронотоп всадника и конокрада, барымтача и охотника, беглеца и скитальца. Предметная наполненность хронотопа - тяжелые дубины, длинные арканы.

Другим хронотопом героя является хронотоп дома, юрты. Всю жизнь Бахтыгул батрачил на бая, выполняя любые, в том числе опасные, поручения.

За все это бай «награждает» Бахтыгула маленькой юртой, позволяет ему обзавестись семьей. В юрте героя мало радости, это пространство горестное, отмеченное полуголодным существованием его жены и детей. В этой же юрте умирает младший брат Бахтыгула. Здесь же съедят вареное мясо украденной из стада бая кобылы сам бай и его джигиты. Обитатели юрты к угощению не будут допущены. Бахтыгула избыют на глазах его детей, унижат. Да и расположение юрты особенное. Герой уходит из аула из-за оскорблений со стороны бая, не получив ничего от Сальмена за свою преданность и труд.

Дороги, которыми идет Сивый и его хозяин, опасные и долгие. Бахтыгул передвигается чаще всего ночью. По воле Сальмена он стал конокрадом. Аульчане и



восхищаются его ловкостью и удачливостью, однако в то же время за глаза осуждают. На перевале Караш заканчивается его движение, скитальчество и бегство. Он совершает акт правосудия и попадает в тюрьму.

В повести М. Ауэзова мужской гендер дополнен также образами баев Сальмена и Жарасбая, однако в них словно отсутствует маскулинная характеристика. Она заменена на социальную. Внешний облик одного из баев, Жарасбая, представлен через знаки принадлежности к родоплеменной элите: «высокий толстяк в куньем треухе», «белоснежной мерлушковой шубе», «лицо его багрово красно, блестит от испарины, но важно, даже величаво» [3, с. 61]. Мужской гендер героя стерт автором и растворен в его социальном статусе. В соответствии с социальной ролью поведенческий феномен бая сформирован из жестоких поступков, несправедливых решений, подлости и предательства, лицемерия. Бай будет наказан Бахтыгулом и горным перевалом Караш, который выберет для героя удобное место и сделает его руку на спусковом крючке твердой и точной. В Бахтыгуле маскулинный комплекс ярко выражен. Это мужественный человек, который смело признает горькую правду о самом себе, понимая, что он и батрак, и конокрад. Однако природа наделила героя талантами и способностями, мудростью. Это ему в ауле дали прозвище «Дальновидный». Бахтыгул умеет дать практический совет, способен выполнить дипломатическую миссию по приказу Жарасбая, организовать дерзкую вылазку в ночь за табуном лошадей. «В любой работе по хозяйству – в отгоне табунов и откормки баранов, в весеннем севе и в уборке урожая по осени – Бахтыгул знал толк. ... за все он брался и все делал быстрее и лучше, чем иные табунщики, чабаны и пекари» [3, с. 14].

Женский гендер в повести представлен образом Хатши, жены Бахтыгула, и байбише, старшей жены Жарасбая.

Хатша обладает всеми положительными качествами феминного типа. Она по-настоящему понимает Бахтыгула и всегда рядом с ним в трудные моменты жизни. Она характеризуется через хронотоп дома – юрты. Несмотря на бедность и трудные жизненные обстоятельства, Хатша всегда хранит про запас какую-нибудь еду («Все, что имелось в доме, выставила Хатша на стол. Не пожалела и масла, которое хранила с весны в высушенной прозрачной бараньей кишке» [3, с. 61]), доброе слово и готовность работать за двоих, чтобы помочь мужу. Феминный портрет героини отражает ее тяжелую и горькую долю: «Загорелая до черноты, едва прикрытая рваными обносками, она хлопотала у очага, кипятила детям чай» [3, с. 77]. Хатша реализует в полной мере феминный комплекс идеальной жены. Она не жалуется на судьбу, во всем помогает мужу, берет на себя всю ответственность за детей, когда Бахтыгул навсегда уходит из дома навстречу своему трагическому и неизвестному будущему.

Таким образом, отметим, что в повести представлен мужской и женский гендер в их ценностных разновидностях. Маскулинный тип настоящего джигита охарактеризован с помощью портрета, хронотопа, пейзажа, предметной детали, поведенческого комплекса. Феминный гендер жены героя представлен через хронотоп, портрет, гастрономические детали, поведенческий феномен.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Свидова Н.В., Минайдарова М.Е., Мыханова Ж.Б. Гендерный комплекс в романе Г. Мусрепова «Улпан ее имя»/ Материалы международной научно-практической конференции «Психология здоровья человека в глобализирующемся мире», Нур-Султан, 2020 г. –С.15-18.
2. Мид М. Взросление на Самоа.-М.:Академия.-2004.-546 с.
3. Ауэзов М. О. Выстрел на перевале. Племя младое. –М.: Известия, 1967. -247 с.



ӘӨЖ 82-32

**ҰЗАҚБАЙ ДОСПАНБЕТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ**

**Қорабаева Балнұр Манарбекқызы,**

6B01707-Қазақ тілі мен әдебиеті ББ-нің 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Бөкен Гүлназ Сайлаубайқызы,

PhD., қауымдастырылған профессор

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті КеАҚ,

Көкшетау, Қазақстан

***Аннотация:** Мақалада Ұзақбай Доспанбетұлының тарихи тақырыпта жазылған шығармаларына шолу жасалады. Әрі қаламгер зерделеген тарихи оқиғалардың хронологиялық тізбесінің бүгінгі таңдағы мән-маңызы саралады. Тарихи тұлға – халықтың тағдырын өзіндік ой әлемімен біртұтас санайтын адам. Әсіресе, жазушы Ұзақбай Доспанбетұлының «Абылайдың ақ туы» роман-дилогиясындағы тарихи тұлғалар бейнесі, автордың образ сомдаудағы ерекшелігі мен өзіндік қолтаңбасына баса назар аударылады.*

***Кілт сөздер:** Абылай, роман-дилогия, тарихи шындық, образ, батыр, тұлға*

Тарихи шығармалардың адамзат өміріне тигізер әсері орасан зор. Олай деуіміздің себебі, тарихи шығармалар адам ғана емес халық өмірінің тарихымен тығыз байланысты.

Қазақтың көрнекті жазушысы Ұзақбай Доспанбетовтың осы тақырыпта қаламынан шыққан бірнеше көркем туындалары бар. Атап айтқанда, қаламгердің бірінші кітабы 2004, екінші кітабы 2008 жылдары жарық көрген «Абылайдың ақ туы» атты екі кітаптан тұратын тарихи романы ертеректе жарық көрген «Қызыл жолбарыс» (2000) роман-дилогиясының заңды жалғасы. Жазушының төрт кітаптан тұратын бұл эпопеясы – қаламгердің тарихи тақырыптағы көркем прозалық шығарманы зерттеу деректері негізінде жазған туындысы «Қызыл жолбарыс» роман-дилогиясы он сегіз тараудан тұрады. Ал осы романдардың жалғасы болып саналатын «Абылайдың ақ туы» роман-дилогиясы он сегіз тараудан құралған.

Негізінен, төрт кітаптан тұратын тетралогиялық роман-эпопеяның тақырыбы – XVIII ғасырдағы Қазақ даласын басып алған жоңғар қалмақтары шапқыншылығы кезеңінің тарихи шындығы, идеясы – басқыншылық-шапқыншылық аласапыранынан тез арада естерін жиып, жатжерліктерді атамекендерден аластап қуған қазақ халқының қаһармандық-елдік тұлғасының қуаттылығын дәлелдеу. Мәселе туындының іргетасы қазақтың жалайыр тайпасының тағдырын суреттеуге бағышталған материалдан қаланғандығында ғана емес.

Тетралогия үлкен панорамалық сипат алған. Романның эпикалық құлашы мейлінше кең. Жазушы Ұзақбай Доспанбетов шығармасының бұған дейінгі біршама тарихи, тарихи-өмірбаяндық туындылардан өзгешелігі, аталған тақырыпты сол кездегі қырық ру – қырық құрақ Қазақ елі трагедиясын жан-жақты суреттеумен бірге, басқыншылыққа салынған, содан барып сорлаған Жоңғария мемлекетінің жер бетінен жоғалған трагедиялық тағдырын қоса саралап қорытады.

Қазақ әдебиетінде тарихи жанр тәуелсіз ел-жұртымыздың ұлттық сана-сезімінің ересен өсуіне байланысты дамыды. Халық басынан не өтпеді? Бұйырған ризығын сақтап қалу үшін алысты, жұлысты. Сан ғасырлық тірлігінде жеңілді, жеңді. Халқымыз өз тарихын өзі жасады. Ата-бабамыздың сол қиямет қиын жолда көрсеткен қайрат-жігері енді бүгін бізді рухтандыруда.



Ұзақбай Доспанбетовтің тетралогияны жазар алдында дайындық жұмысын аса бір ыждағаттылықпен жүргізгені байқалады. Ол ел жадында сақталған әңгіме, аңыздарды мұқият жиюмен қатар, Алматы, Талдықорған, Шымкент, Мәскеу қалаларындағы мұрағаттарда сарылып көп ізденген. Бай дерек жинақтаған. Мұның өзі жоңғарға қарсы Отан соғысының бүге-шігесін, ерекшеліктерін қаламгер романының қызықты, дәмді етіп жеткізуіне негіз болған. Қайсыбір шығармаларда қазақ сарбаздары 1941-1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысы кезіндегідей оп-оңай әскер боп топтаса қояды ғой. Мұндай рет-мөлшері солай болар-ау деп топшылап суреттеуден Ұ.Доспанбетов тетралогиясы мүлде ада. «Аңырақай» атанған шайқаста қазақ үш жүз боп бірігіп соғысып, жауын ойсырата жеңеді. Бірақ жеңістің жемісін пайдалана алмауы салдарынан бодандықтың қамытын тағы да киюге мәжбүр. Алақайлап бөрікті аспанға ататын қуанышы ізінше бас шайқатар мүшкілдікке ауысады. Аңырақай шайқасы Ұзақбай романына қарағанда қазіргі карта бойынша Жамбыл облысындағы Хантаудың бергі шығыс бетінде Шу мен Отар стансасының аралығындағы алқапта өткен. 1728 жылдың жазында Ордабасы атты тоқпақтай ғана тау маңайында исі қазақтың жақсы мен жайсаңдары, хандары, биі мен батыры, шешені мен көсемі бас қосады. Бұл енді Бадам өзенінің төменгі сағасына таяу жер. Бадам мен Боралдай қосылып Арыс өзеніне айналатын тұс. Сол кеңесте Әбілхайыр хан үш жүздің біріккен күштерінің қолбасшысы болып тағайындалады.

Жазушының аталмыш романындағы мына бір жолдарына үнілелік: «Тіпті басқаны қой, сол Әбілқайырдың өзі шыққан алшын елінің бұрынғы кемеңгері, бұл күнде жаны жәннаттағы Әйтеке би Бәйбекұлының о дүниеге аттанар сәтінде: «Мен Әбілқайырдан түңілдім. Кіші жүзге басқа көсем керек» деген өсиеті қайда қалды? Осындағы ұлы жүз, үйсін елінің бүгінгі ғұламасы Төле бидің «түлкі тұмсық жан екен, Әбілқайырға сенім арту шалалық» деген әулиелігі неге тәрк етілді? Енді сол Төле бидің, үш жүздің ұлы ханы Болаттың ұйытқысымен Жетісу мен Арқадан, Қаратау бойы мен Сырдариядан, Жайық пен Арал ойысынан ат арытып жеткен дуалы ауыздардың сол бір талайдың тұлабойын мұздатқан Әбілқайырды бастарына моншақ етіп көтергендері не сасқандары? Қай сайтанның азғыруымен жүзеге асқан шаруа? Ата жауға қарсы күресте еркек кіндіктің делебесін қоздыра білген Шақшақ Жәнібек, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, алшын Тайлақ, Есет, үйсіндегі Саурық, Саңырық, Хангелді сынды сақа батырлардың ауызға ілікпеуіне не себеп?»[1,168].

Бұл Есенгелді бидің монолог-толғақтарының бірі. Қойған сауалының жауабы тағы да сол баяғы бірлік мәселесіне тіреледі. Романның әр тұсынан көрінгенінде Әбілқайыр хан ылғи бір қазақылыққа жараспайтын қараниет қылығымен көзге түседі. Өздері титықтап, Жетісудан тоз-тоз боп жеткен Жарықбас Есентүгел би басқарған жалайыр-балғалыларын қан қақсатып шабады.

Төле би Әбілхайыр ханға екі дүркін хат жазғанда ғана әрең деп тұтқын қылған жалайырларды босатып, айдап әкеткен малын қайтарады. Қарапалпақтардың да қолтығына су бүркіп, қазақ босқындарын әлсін әлі тонататын да осы алшындар көсемі екені анықталады. Аңырақай шайқасында, басқа да соғыстарда жан алып, жан беріп жүргендер – кілең қазақ батырлары. Ақсүйекпіз деп бәлсінетін Барақ сұлтан Аңырақай шайқасында абыройсыздыққа ұшырайды. Өзі басқарып шыққан жарты мыңдықтан «көз жазып» қалады. Әлгі жарты мыңдық маңайдан перген зеңбірекке қарамай соғысады. Қалмақтарды тықсырып қуып береді. Сол күні ғой «жауды қара қашырды, батыр атақ Барақта қалды» деген мақал туып, ауыздан ауызға көшкені. Романды оқып отырғаныңда тағы бір ой келеді. Жер ыңғайы жағынан қазақ Ресейге жоңғардан әлдеқайда жақын. Бірақ байланысы ата жауымыздан пәс. Қазақ сырт дүниеде не болып, не жатқанынан хабардар-ақ шығар. Бірақ от қарумен қаруланған жоңғар құрлы болмағаны қалай. Шведтер қалмаққа қырықтан астам зеңбірек жасап береді. Орыстан алған мылтығы және бар.



Осындай қарудан қазақ хандықтары неге мақұрым қалған? Барға шүкір, жоққа сабыр деп отыра беруге де болмайтын еді ғой... Рас, жауынгер қазақ ақыры зеңбірегі, от қаруы бар жоңғарды елден түріп шығарады. Ерлігі бір басына жетерлік. Бір кезде қазақтың ханзадасы Жәңгір 600 сарбаз қолмен Батыр қонтайшының 50 мың әскерімен айқасады. Жалаңтөс баһадүр 20 мың жасағымен көмекке келгенде қонтайшы амалсыз кейін шегінеді...

Тарихи роман – халық өмірінің өткен-кеткенінің айнасы. Халықтың белгілі бір дәуірдегі көркемдік эпопеясы. Осыны көкейіне мықтап қондырған жазушы ел-жұрт тірлігін жан-жақты көрсетуге ұмтылады. Ұлы тарихи бетбұрыстардың жаңғырығын хан, батыр, билердің ғана емес, қарапайым адамдардың күнделікті өмірінен аулауға тырысады. Ұзақбай романының бірлік туралы идеясы шығарманың сюжеттік қатынастарынан табиғи туындайды. Және оның әр жерінен тігісі жатық күйінде көкейіне қона кетеді. Өйтетіні тәуелсіз елінің бүгінгі зәрулігімен үндес. Роман тақырыбының «Абылайдың ақ туы» аталуында терең мән бар. Солай аталса да бұл шығарма Абылай хан туралы өмір тарихтық шығарма емес.

Роман оның Сабалақтан сұлтан, сонсоң ханға дейінгі өсу белестерін суреттейді десек те, Абылай – шығарманың Төле би, Әбілхайыр хан, Ескелді би, Балпық батыр секілді көрнекті кейіпкерлерінің бірі ғана. Ал, романның «Абылайдың ақ туы» аталуының жөні бір басқа. Бейнелі сөздің, біздіңше, рәміздік белгісі бар... Өткен ғасырлардың өлшемінде батырлық – үлкен мәртебе. Сол ерлік драматизмінің кейіпкері Абылай романда өзгеше бөлек реңк алған. Мұрты жаңа тебіндеп келе жатқан жас жігіт «Абылайлап» Шарыштың басын домалатуға аттанғанда да, содан кейін Болат ханның мұрагері Әбілмәмбеттің көзінше «...Абылай! Абылай! Абылай!» деп үш қайтара айқайлап, алда соғысып жатқандардың арасына күмп беріп қойып бергенде де ерекше рәміздік құбылыс белгі береді. Қазандай қайнаған топырдың арасына не өмір, не өлім деп кірген сәтте тағы да Абылайдың «төбесіндегі ақ қанатты құс сияқтанған белгісі қайта белгі берді. Ақ құс па, жоқ ту, ту, ақ ту...» [2,142].

Рәміздік (символдық) белгі деп отырғанымыз осы ту. Тіпті ту деп тұспалдау да аздық етеді. Бұл енді эстетикалық категорияға жататын образ. Тұспалмен де (аллегория) орайластығы бар. Бірақ оның дәл өзі емес. Рәміз, символдың сан қырлы мән-мағынасы көркем шығарманың нақтылы контекстіне байланысты ашылмақ. Автор романында суреттелетін жойқын қырғында Абылайды қорғап, сақтап жүретін мифологиялық образ қазақ ұғымындағы кие бейнесіне жақын. Абылай аң аулап жүргенде қалмақтың қолына түсіп қалады. Қалдан-Серен күйеу балам Шарышты өлтірдің деп қатты ашу үстінде Абылайдың маңдайына қарай алтын балдақты сала құлаш қылышын сілтеп кеп жібереді. «Абылайдың төбесіндегі ақ құс сияқтанған бірдеме жарқ етіп, кесекөлденендеп қылышты тіреп қалады». Мұндайды қазақ киесі қақты дейді.

Романның соңғы беттерінің бірінде «Абылайдың ақ туы әрдайым тігінен тұрса қазақ адаспайды!» делінген. Адаспаудың шарты Абылайдың арманы түрінде тұжырымдалған. Қазіргі біздің ұғымымыздағы тілмен айтқанда, бағдарлама іспеттес. «Бірінші арманым, – дейді тұтқындағы Абылай хан, ...орыстарша қала салып, отырықшы етіп қазақты біріктіре алмадык...екіншісі, қазаққа жер емшегін емізе алмадым... Үшінші арманым, Шарышша қан майданда өлмей, қапыда қолға түсіп өлдім-ау деп қан жылағаным. Төртіншісі, қазақ пен қалмақ тілі бір, тұрмысы бір халық, дініміз басқа болғанмен құдай біреу ғой, сол жағын қалмақтарға ұғындырып, бір жағымыз орыс, бір жағымыз қытай, солардан бірлесе қорғануға иліктіре алмадым деп армандаймын!». Еліне аман-есен қайтып оралған Абылай хан ол арманын жүзеге асыруға тырысқан да шығар. Бірақ қалай? Міне, бұл мәселе көмескі қалады. Абылай ханның нағыз күшіне енген жылдары тым асығыс баяндалған. Романның аяқтамасы, финалы хабарлама стиліне көшкен.



Кейіпкерлерінің ақыр демінің қашан таусылғаны жайлы ақпардан аспайды. Абылай мен Ескелді бидің монументтік бейнелеріне жарықшақ түсіретін қысыр әңгімеге беріліп кеткендік те байқалады. Абылай мен Ескелді би бір-бірімен дұрдараз боп, қайтып көріспей қояды. Сонда не үшін кетіскен? Оқыста қолды болған бір қылқұйрықтың дауына бола! Бүйтіп ұсақтау Абылайдай алып тұлғаны былай қойғанда, «өзіміз жығылсақ та туымыз жығылмасын!» деп ұран тастайтын Ескелді бидің ірілігіне де нұқсанын тигізіп тұр. Қысқасы тетралогияның түйіні түйінделмей қалған. Ал ондай қорытындыға лайық эпизод «Абылайдың ақ туының» өзінде жетерлік. Жоңғармен алыса-алыса шаршағанда, әлдебір сарыуайымға салынған энеу бір жылдары Төле би өз өкімімен жалайыр Өтеген Сәбденұлын, дулат-жаныс Өтеген Өтеғұлұлын «Жерұйық» іздендер деп жаһан кезуге аттандырған болатын. Бұлар Әмудария жағалауынан бастап Ауғанстан, Кавказға дейін дүниенің жерін шарлап қайтады. Сол қос Өтегеннің екі жылдан соң елге оралып, жасаған баяндамасын тыңдап отырып, Төле би келешек ұрпақтың жадында мәңгі сақталатын сөз айтады. «Ағайын-туған! Қарындас ел! Алты алаштың азаматтары! Мына жарты әлемнің тау мен тасына табандарын тоздырған мұзбалақтарымыз дұрыс айтады! Жердің құты Алатау мен Қаратау! Одан әрідегі Жетісу! Жердің құты, жерұйық дегеніміз, міне, солар! – деп Төле би саңқылдағанда зеңгір көк әйнекше шытынап, ойдан-қырдан жиылған дүйім көптің төбесіне құлап түсердей әсер қалдырған». («Абылайдың ақ туы». Екінші кітап). Тетралогияның аяқтамасын Төле бидің осы толғанысымен бітірсе, ісі қазақтың ел мен жерге деген перзенттік сүйіспеншілігін жырлайтын шығарманың пафосы, сөз жоқ, орнын табар еді.

Тарихи тұлғалар Ескелді би Жылгелдіұлының, Балпық би Дербісәліұлының, Қабан жырау (Қабылиса) Асанұлының, Қазақ хандығы мемлекетін қалыптастыруға, сақтауға, нығайтуға зор үлес қосқан Абылай ханның, Төле би Әлібекұлының, Қожаберген Толыбайұлының,

Бұқар жырау Қалқаманұлының және т.б. ел ағаларының халықтың басына түскен қиын-қыстау жылдардағы абыздық-даналық, көсемдік, батырлық тұлғалары дараланған. XVIII ғасырдағы Қазақ тарихының аса қасіретті оқиғасы – жоңғар қалмақтары шапқыншылығының зардаптары, басқыншылыққа, қырғынға халықтың әйгілі "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама" аталған зобалаңға ұшыраған кезең шындығы романдарда тарихилық поэтикасы аясында бейнеленген. "Қызыл жолбарыс" роман-дилогиясында жоңғар қалмақтарының шапқыншылығына ұшыраған қазақ даласындағы, оның ішінде сол кездегі Қазақ хандығы құрамындағы Қазақстанның қазіргі Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары орналасқан өңірлердегі қазақ халқының тұрмыстық-әлеуметтік хал-ахуалы қамтылған.

